

Ауыз сумен жабдықтаудың жекелеген объектілеріне қатысты мемлекеттік меншіктің түрін өзгерту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қазандағы N 1060 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар, Қостанай, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің қосымшаға сәйкес ауыз сумен жабдықтау объектілерін республикалық меншіктен коммуналдық меншікке беру туралы ұсыныстары қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен қосымшада көрсетілген объектілерді беру және қабылдап алу жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 5

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 6 0

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен құрылысы аяқталған, коммуналдық меншікке берілетін ауыз сумен жабдықтау объектілерінің

Тізбесі

П а в л о д а р о б л ы с ы б о й ы н ш а :

1. Ақтоғай ауданының Ақтоғай ауылы елді мекенін сумен жабдықтау жергілікті ж ү й е с і .

2. Ертіс ауданының Ертіс ауылы елді мекенін сумен жабдықтау жергілікті жүйесі.

3. Павлодар ауданының Красноармейка ауылы елді мекенін сумен жабдықтау ж е р г і л і к т і ж ү й е с і .

4. Баянауыл ауданының Бірлік, Жаңатілек, Құндыкөл, Ақши ауылдары елді мекендерін сумен жабдықтау жергілікті жүйелері.

5. Екібастұз қаласының ауылдық аймақтары: Байет, Бесқауға, Шиқылдақ, Құлакөл, Қарасор елді мекендерін сумен жабдықтау жергілікті жүйелері.

6. Ақсу қаласының ауылдық аймақтары: Ақсу, Евгеньевка, Жолқұдық және

Қалқаман кенті елді мекендерін сумен жабдықтау жергілікті жүйелері.

Қ о с т а н а й о б л ы с ы б о й ы н ш а :

1. Сарыкөл ауданының Лихачев топтық су құбыры.
2. Ұзынкөл ауданының Ұзынкөл топтық су құбыры.
3. Амангелді ауданының Амангелді кентін сумен жабдықтау жүйесі.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы б о й ы н ш а :

1. Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласының су жинағы құрылысы және су т а р а т қ ы ш ы .

2. Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылының таратқыш су құбыры желілері.
3. Ұлытау ауданы Жезді кентінің кенттік су құбыры желілері.

О ң т ү с т і к Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы б о й ы н ш а :

1. Созақ ауданының Шолаққорған аудан орталығын сумен жабдықтау жүйесі.